

D017-Қазақ тілі және әдебиет педагогтарын даярлау

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №105 бұйрығымен «Қазақ тілі және әдебиеті педагогтарын даярлау мамандығының мемлекеттік білім беру стандарты» бекітілді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B2200000105>
4. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. 2015 ж. 27 шілде, № 148-V. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500001481>
5. Мұхамедрахимова Ж. Ә. Әдебиет теориясы және педагогика негіздері. Алматы: Атамұра, 2021.
6. Баймолдаев А. Б. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау технологиялары. Астана: Ұлттық университет, 2022.
7. Коркембаев Ж. Т. Оқу әдістемесі: қазақ тілі және әдебиет сабақтарын ұйымдастыру. Шымкент: Білім, 2020.
8. Мамытова Р. Ғ. Ғылыми-әдістемелік нұсқаулық: қазақ әдебиеті сабағында заманауи технологияларды енгізу. Тараз: М. Х. Дулати атындағы Тұран университеті, 2023.
9. Дүйсенова Ж. Ә. Әдебиет сабағында жобалау технологиясын қолдану // Pedagogical Studies. 2022. № 3.
10. Байымбетова Ғ. Қ., Қабылдинова С. Ш. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. Алматы: Ғылым, 2019.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 ж. 12 қаңтардағы №12 бұйрығымен «Педагогтардың біліктілігін арттыру тұжырымдамасы» бекітілді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000012>
11. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1960, 183 б.
12. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет: оқулық. – Алматы, 1993
13. З. Серікқалиев – Жанрлар тоғысы, Н. Келімбетов – Ежелгі дәуір әдебиеті, 1991
14. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: 1986
15. Қосымова, Г. С. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері : [Мәтін] : оқу құралы / Г. С. Қосымова. - Қарағанды : "Ақ Нұр", 2019.
16. Молгаждаров, Қ. Қазақ жазуының тарихы: [Мәтін] : оқу құралы / Қ. Молгаждаров, Ж. Мусин. - Алматы : Альманахъ, 2018.
17. Сағындықұлы, Б. Қазақ тілінің тарихы. Жаңа курс : Лекциялар. . - Стер. бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.
18. Қосымова, Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері : [Мәтін] : монография / Г. Қосымова. - Алматы : "ИП Уатханов А.Ф.", 2012.

Эссе тақырыптары:

1. Мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері
2. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың тіл біліміне қосар үлесі
3. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанымдық бағыттардың маңызы
4. Қазіргі қазақ тіліндегі терминжасам үрдісі: жетістіктер мен мәселелер
5. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы технологиялық трансформация
6. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша зерттеу трендтері мен ғылыми бағыттар
7. Абайдың «Толық адам» ілімі және оның қазіргі әдеби-рухани процестегі маңызы
8. Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің бағыттары мен тақырыптық өзектілігі

9. Докторантура деңгейіндегі зерттеудің өзектілігін анықтаудың әдіснамалық негіздері
10. Қашықтықтан оқыту жағдайындағы білім беру: мәселелер және оларды шешу жолдары

Үлгілік емтихан сұрақтары:

Бірінші блок

1. Әдебиет тарихын дәуірлеудің методологиялық ұстанымдары мен танымдық шекараларын ғылыми-педагогикалық аспектіде талдаңыз.
2. Әдебиеттанудағы дәуірлік моделдердің (антикалық, ренессанс, ағартушылық, романтизм, реализм, модерн, постмодерн) ықпалы және қазақ әдебиетінің тарихи өрісімен байланысы туралы сипаттама беріңіз.
3. XX ғасыр басындағы әдеби ағымдарды (Алаш әдебиеті, ұлт-азаттық сарын) дәуірлеу мәселесі тұрғысынан Б. Кенжебаев пен Т. Әбдірахманова зерттеулеріне сүйене отырып, талдаңыз.
4. Дәуірлеудің ұлт әдебиеті тарихындағы тарихи-мәдени контекстермен байланысын қалай жүйелеуге болатындығы туралы ғылыми тұжырым жасаңыз. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005
5. Әдеби дәуірлерді межелелеуде рухани парадигмалардың (дәстүр, дін, миф) ықпалын философиялық тұрғыдан талдаңыз.
6. Әдеби кезеңдерді межелелеуде Абай шығармашылығының қазақ руханиятына ықпалы туралы М. Әуезов пен Қ. Жұмалиев еңбектеріне сүйене отырып талдау жасаңыз.
7. Фольклор мен жазба әдебиеттің ара жігін айқындай отырып, олардың дәуірлік ерекшеліктерін теориялық негізде саралаңыз.
8. Дәуірлік құрылымды әдеби процестің эволюциялық және инволюциялық дамуымен сабақтастыра отырып ғылыми тұжырым жасаңыз.
9. Дәуірлеу мәселесіндегі М. Қозыбаев пен К. Сыздықова еңбектеріндегі ұлттық сана, тарихи зерде ұғымдарын салыстыра отырып, түсіндіріңіз.
10. Қазақ әдебиетін дәуірлеудің кеңестік және посткеңестік концепцияларын салыстыра отырып, идеологиялық факторлардың ықпалын талдаңыз.
11. Әдеби кезеңдер мен тарихи уақыттың өзара сабақтастығын мәдени кодтар тұрғысынан талдап, ғылыми көзқарасыңызды білдіріңіз.
12. Қазіргі әдебиеттегі дәуірлеудің шартты және шартсыз кезеңдері жөніндегі Н. Ғабдуллин мен А. Қыраубайқызы пікірлерінің ара-жігін ашыңыз.
13. Әдебиеттің ұлттық модельдері мен өркениеттік үдерістер арасындағы байланысқа сүйене отырып, дәуірлеудің баламалы үлгілерін ұсыныңыз.
14. Ортағасырлық түркі әдебиетін дәуірлеу мәселелері: жазба дерек пен ауызекі дәстүр арақатынасы туралы сыни көзқарасыңызды білдіріңіз.
15. XX ғасыр басындағы әдебиеттегі модернистік ізденістерді дәуірлік жүйеде межелелеудің теориялық шарттары туралы ойыңызды дәйектеңіз.
16. Әдебиетті кезеңге бөлудегі негізгі жанрлар эволюциясын анықтауда З. Серікқалиев пен Н. Келімбетов ұстанымдарының ортақ тұстарына баға беріңіз.
17. Постмодернистік әдебиетті дәуірлеудің теориялық қиындығы және әдеби шекаралар ұғымына кеңінен тоқталып өтіңіз.
18. Дәуірлеу кезеңінде ғылыми айналымнан шығарылған еңбектер мен мақалалардың рухани, ғылыми қазынаға қосылған үлес ретінде қайта бағалануын сипаттап беріңіз.
19. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы қоғамдық сана эволюциясының әдеби дәуірмен сабақтастығы туралы сипаттаңыз.
20. Дәуірлік құрылымдарды анықтауда интертекстуалдылық пен диахрондық тәсілдің мүмкіндіктерін жіктеп көрсетіңіз.
21. Қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдеу мәселесіндегі Алаш қозғалысы идеяларының методологиялық салмағына қандай баға бересіз?

22. Әдебиеттің жаңа дәуірін межелелеуде тәуелсіздік кезеңіндегі ақын-жазушылардың (Д.Исабеков, Н. Ораз, Ұ. Есдәулет) шығармашылық ізденістерін сипаттаңыз.
23. Әдебиет тарихын оқытуда дәуірлеу ұстанымдарының педагогикалық трансформациясы туралы ғылыми тұжырым жасаңыз.
24. Қазақ әдебиеті тарихын цифрлық платформада дәуірлеудің теориялық-тәжірибелік мүмкіндіктерін, цифрлық мәдениет пен медиа кеңістіктің ықпалын ғылыми тұрғыдан бағалаңыз.
25. Қазақ әдебиетінің дәуірленуіндегі діни және дүниетанымдық факторларды Т.Нұртазин мен М. Жолдасбеков зерттеулерінен мысал келтіре отырып талдаңыз.
26. Әдебиет тарихын кезеңге бөлудегі салыстырмалы-тарихи әдіс пен жүйелі-типологиялық әдістің үйлесімділігін ғылыми негізде сипаттаңыз.
27. Әдебиет тарихын дәуірлеудің герменевтикалық қырларын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеңіз.
28. Қазақ әдебиетін кезеңдеуде этномәдени және мифологиялық факторлардың әсерін Б.Ысқақ пен Т. Жұртбай еңбектері арқылы сипаттаңыз.
29. Әдебиет тарихын дәуірлеудің ғылыми тұжырымдамасын қалыптастыруда педагогикалық метапәндік тәсілдің орны туралы ой өрбітіңіз.
30. Қазақ әдебиетінің дәуірлеу парадигмасын жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс аясында қайта пайымдау: жаңа ғылыми көзқарастар мен сындар жөнінде ғылыми дәйектемеңізді ұсыныңыз.
31. Діни-ағартушылық бағыттағы ақындардың (Мәшһүр Жүсіп, Шәкірттер т.б.) шығармашылығына сипаттама беріңіз.
32. XIX ғасырдағы зар заман ақындары шығармаларындағы қоғамдық үн мен рухани түйткілдерді сипаттаңыз.
33. Абай шығармашылығындағы адамның кемелдену жолдарын сипаттап, «Толық адам» тұжырымымен байланыстырыңыз.
34. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы діни-философиялық танымды талдаңыз.
35. Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттану саласына қосқан үлесін және әдеби терминдер жүйесін сипаттаңыз.
36. XX ғасыр басындағы қазақ әйел ақындарының (Сәбира, Манап, Сара т.б.) шығармашылығындағы қоғамдық идеяларды сипаттаңыз.
37. Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы ағартушылық бағыт пен білім идеяларын талдаңыз.
38. Шоқан Уәлихановтың әдебиет, фольклор, этнография салаларындағы еңбектерінің маңызын көрсетіңіз.
39. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» еңбегіндегі ұлттық идея мен әдеби тілдік құралдарды талдаңыз.
40. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық рух, ерлік пен романтизм идеяларын талдаңыз.
41. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларындағы ағартушылық, азаматтық және ұлттық идеяларды саралаңыз.
42. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің әдеби мұрасындағы ұлтты сүю идеясына талдау жасаңыз.
43. Жүсіпбек Аймауытовтың прозалық шығармаларындағы психологиялық сипат пен ұлттық идеяны анықтаңыз.
44. Бейімбет Майлиннің ауыл өмірі мен әлеуметтік теңсіздік тақырыбындағы әңгімелерін талдаңыз.
45. Ілияс Жансүгіровтің поэзиясындағы халықтық рух пен көркемдік ізденістерді сипаттаңыз.
46. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы кеңестік кезең шындығы мен романтикалық пафосты салыстырыңыз.

47. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын тарихи-философиялық тұрғыдан талдаңыз.
48. Абай шығармашылығының кейінгі буын ақын-жазушыларға әсерін талдаңыз.
49. «Толық адам» ілімінің қазақ философиясындағы орны мен ерекшелігін сипаттаңыз.
50. Абайтану ғылымының даму кезеңдерін және зерттеу бағыттарын жүйелеңіз.
51. «Толық адам» ілімінің танымдық мәнін қазіргі жастар тәрбиесімен байланыстырып сипаттаңыз.
52. Абай рухани нәр алған дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу үдерісіне сипаттама беріңіз.
53. Абайтану тарихын кезеңдестіріп, оның зерттеу эволюциясын анықтаңыз.
54. Абай дүниетанымының өзегін зерттеудегі М.Мырзахметұлының ғылыми-теориялық үлесін бағалаңыз.
55. Абай өлеңдерінде кездесетін адамгершілік мәселелерін көркемдік тұрғыдан сипаттаңыз.
56. Абай қарасөздеріндегі моральдық-философиялық ойларды талдап, қазіргі замандағы маңызын сипаттаңыз.
57. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық саяси күрес идеясының көркем көрінісін XX ғасыр басындағы әдеби шығармалардан анықтаңыз.
58. Абай мұрасының зерттелу жайын ғылыми кезеңдерге бөліп, сипаттама беріңіз.
59. Ағартушы-демократ ақын-жазушылар шығармаларындағы негізгі идеялық ұстанымдарды көрсетіңіз.
60. Батыстық-ағартушылық бағыттағы қаламгерлер шығармашылығындағы идеялық жаңашылдықты көрсетіңіз.
61. Шығыстық-ағартушылық бағыттағы ақындар шығармашылығынан танымдық мазмұн мен көркемдік ерекшеліктерді анықтаңыз.
62. Алаш әдебиетінің даму бағыттарын саралап, ұлт руханиятына қосқан үлесін бағалаңыз.
63. XX ғасыр басындағы қоғамдық өзгерістердің әдебиеттегі көріністерін нақты шығармалар арқылы дәлелдеңіз.
64. Алаш ұранды әдебиеттің қалыптасу кезеңдері мен идеялық ұстанымдарын сипаттаңыз.
65. XX ғасыр басындағы ұлттық прозаның даму ерекшеліктерін анықтап, жаңа бағыттарын сипаттаңыз.
66. Алаш қайраткерлерінің әдеби мұраларындағы ұлттық идея мен рухани бағыттарды анықтаңыз.
67. Алаш зиялыларының әдеби мұрасын оқу-әдістемелік мақсатта жүйелеп, ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын дәлелдеңіз.
68. Түркі әдеби мұрасындағы гуманистік идеяларды қазіргі әдебиетпен сабақтастырып талдаңыз.
69. Ежелгі түркі жазба мұраларындағы әдеби-поэтикалық дәстүр мен көркемдік тәсілдерді талдаңыз.
70. Қазақ әдебиетінің тарихи даму желісінде тұлғалық концепцияның өзгеру эволюциясын сипаттаңыз.

Екінші блок

1. Тіл тарихының негізгі нысандарын анықтап, олардың зерттеу бағыттарын сипаттаңыз.
2. Тілдің даму кезеңдерін дәуірлеуге қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстыра отырып талдаңыз.
3. Түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдерін тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып сипаттаңыз.
4. Көне түркі жазуының зерттелу тарихын кезең-кезеңімен баяндап, негізгі ғалымдардың үлесін көрсетіңіз.

5. Қазақ тілінің тарихи даму жолдарын дәуірлік тұрғыда сипаттап, негізгі кезеңдерге сипаттама беріңіз.
6. Қазіргі түркологияда зерттеліп жатқан бағыттарды жүйелеп, олардың маңызын түсіндіріңіз.
7. Шумер халқының шығу тегі туралы негізгі гипотезаларды салыстырып, дәлелдер келтіріңіз.
8. Шумер жазуының пайда болуы мен дамуына қатысты ғылыми көзқарастарды жинақтап, бағалаңыз.
9. Шумер жазуы мен көне түркі жазуы арасындағы тарихи-типологиялық ұқсастықтарды дәлелдермен көрсетіңіз.
10. Алтай дәуіріне қатысты лингвистикалық болжамдарды жинақтап, ғылыми дәлелдермен негіздеңіз.
11. Алтай тілдер тобына кіретін тілдерді атаңыз және бұл топтастыруды дәлелдейтін теориялық негіздерді сипаттаңыз.
12. Орал-Алтай теориясының лингвистикалық негіздерін талдап, оның ғылыми дәлелдерін көрсетіңіз.
13. Түркі мен моңғол тілдеріндегі грамматикалық және лексикалық ұқсастықтарды салыстырып талдаңыз.
14. Ғұн дәуіріне тән тарихи-мәдени және тілдік ерекшеліктерді сипаттаңыз.
15. Ғұн тіліне қатысты мәліметтерді қарастырып, Батыс пен Шығыс ғұндарының ерекшеліктерін салыстырыңыз.
16. Ғұндарға байланысты жазба деректер мен аңыздар негізінде тілдік сараптама жүргізіңіз.
17. Көне түркі тілінің фонетикалық, лексикалық және морфологиялық ерекшеліктерін сипаттап жазыңыз.
18. Орхон, Талас және Енисей жазба ескерткіштерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына салыстырмалы талдау жасаңыз.
19. Көне түркі алфавитінің құрылымын сипаттап, руникалық жазуға қатысты ғылыми көзқарастарды жүйелеңіз.
20. Орта түркі дәуірінің тілдік сипаттарын анықтап, осы кезеңге тән негізгі жазба ескерткіштерді сипаттаңыз.
21. Орта түркі дәуіріндегі фонетикалық, лексикалық және морфологиялық белгілерді жүйелеп көрсетіңіз.
22. Жаңа түркі дәуірі мен алдыңғы түркілік кезеңдердің тілдік айырмашылықтарын салыстырыңыз.
23. Жаңа дәуірдегі тарихи оқиғалардың тілдік үдерістерге әсерін дәлелдермен түсіндіріңіз.
24. Жаңа дәуірге жататын жазба ескерткіштер мен қазақ тіліне тән ерекшеліктерді сипаттаңыз.
25. Қазақ әдеби тілінің нормалары мен грамматикалық жүйесін зерттеген ғалымдардың көзқарастарын талдаңыз.
26. Қазіргі қазақ тілінің дамуындағы жаңа бағыттар мен инновациялық процестерді сипаттаңыз.
27. Руникалық жазу мен қазақтың ру таңбалары арасындағы тарихи-мәдени байланысты түсіндіріңіз.
28. Қазақ тілінің тарихына қатысты жазба мұралардың мазмұны мен лингвистикалық мәнін талдаңыз.
29. Шумер өркениетінің дамуына археологиялық зерттеулердің ықпалын сипаттаңыз.
30. Шумер жазуындағы алғашқы таңбалардың оқылу жүйесі қалай жүзеге асқанын түсіндіріңіз.
31. Шумер поэмаларының (Гильгамеш, Энки, т.б.) тақырыптық мазмұнын сипаттаңыз.
32. Гильгамеш тұлғасының поэмадағы көркемдік рөліне талдау жасаңыз.

33. Шумер тілін Алтай тілдерімен салыстыра зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын жүйелеңіз.
34. Үш бағаналы сына жазу жүйесінің ерекшеліктері мен оны алғаш оқыған ғалымдарды атаңыз.
35. Шумерлердің түркі негізді халық екендігін дәлелдейтін лингвистикалық деректерді жүйелеңіз.
36. Шумерлік эпос пен Қорқыт жырлары арасындағы ұқсастықтарды сипаттаңыз.
37. Шумерлер мен түркі халықтарын байланыстыратын тарихи-мәдени аргументтерді көрсетіңіз.
38. Силлограмма жазу жүйесінің белгілері мен ерекшеліктерін сипаттаңыз.
39. Фразограмма жазу жүйесінің түрлері мен олардың сипаттамаларын көрсетіңіз.
40. Шумер және көне түркі жазуларының логографиялық жүйесін салыстырып сипаттаңыз. Фонографиялық жазу жүйесінің анықтамасын беріп, түркі жазуындағы нақты мысалдармен дәйектеніз.
41. Шумерлік және көне түркі әліпбилеріндегі дыбыстық сәйкестіктерді анықтаңыз. Екі жазу жүйесінің фонетикалық ұқсастықтарына салыстырмалы талдау жасаңыз.
42. Қазақ тілінде мағынасы өзгеріссіз сақталған шумерлік сөз бірліктерді жинақтап, олардың тарихи-фонетикалық сәйкестігін дәлелдеңіз.
43. «АЗиЯ» еңбегінде келтірілген шумерлік лексикалық бірліктерге сипаттама беріңіз. Олардың түркілік элементтермен байланысын көрсетіңіз.
44. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі түркі халықтарына ортақ тілдік заңдылықтарды мысалдар арқылы түсіндіріңіз.
45. Шумер тіліндегі үндестік заңы мен көне түркі тіліндегі сингармонизмді салыстырып, олардың морфофонемалық сипатын көрсетіңіз.
46. «Сумер», «Тұран», «Ұмай» тарихи атауларының этимологиясын зерттеп, лингвистикалық негізде түсіндіріңіз.
47. Фонетикалық жазу жүйесінің түрлерін сипаттап, олардың тілдік ерекшеліктерін көне жазулармен байланыстырыңыз.
48. Жазудың даму эволюциясын сипаттап, пиктографиялық, идеографиялық және басқа графикалық жүйелердің тарихи рөлін талдаңыз.
49. Шумер жазуының таралу аймақтарын карта арқылы көрсетіп, әр аймақтың тарихи ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
50. Көне түркі жазуларының географиялық таралуын анықтап, ескерткіштердің орналасу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
51. Әліпбилік жазу ұғымының шығу тегін сипаттап, оны алғаш қолданған халықтарды атаңыз.
52. Силлографиялық жазу жүйесінің ерекшеліктерін анықтап, оның қолданылған тарихи-мәдени контекстін сипаттаңыз.
53. Орта ғасырдағы түркі жазба мұраларындағы лексикалық ерекшеліктерді сипаттап, заманауи қазақ тілімен сабақтастығын көрсетіңіз.
54. Көне түркі ескерткіштеріндегі тілдік құрылым мен синтаксистік ерекшеліктерді нақты мысалдар арқылы талдаңыз.
55. Орхон, Талас және Енисей жазбаларындағы жазу стильдерінің айырмашылықтарын кесте түрінде салыстырып көрсетіңіз.
56. Шумер мен көне түркі әліпбилеріндегі таңбалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды визуалды түрде (кесте, схема) көрсетіп, семиотикалық тұрғыдан түсіндіріңіз.
57. Қазақ ру таңбалары мен руникалық жазу арасындағы мәдени-тарихи байланысты талдап, графикалық ұқсастықтарды анықтаңыз.
58. Шумер және көне түркі тілдеріндегі грамматикалық заңдылықтарды салыстырып, негізгі ұқсастықтарын дәлелдеңіз.
59. Фразограмма жазу жүйесінің даму кезеңдерін сипаттап, қазіргі жазу түрлерімен байланысын түсіндіріңіз.

60. Салыстырмалы-тарихи әдістің принциптерін сипаттап, оны шумер және түркі тілдерінің зерттелуіне қолдану мүмкіндігін талдаңыз.
61. Көне жазуларды дешифрлеу әдістерін сипаттап, қолданылған тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз.
62. Шумер және түркі мифологияларындағы "көктен түскен даналық" концептісін салыстырып, ұқсас мифтік мотивтерді анықтаңыз.
63. Түркі тілдерінің морфологиялық типі мен шумер тілінің типологиялық сипаттарын салыстырып, құрылымдық талдау жасаңыз.
64. Көне тілдерді реконструкциялауда қолданылатын негізгі әдістерді сипаттап, бірін нақты мысалда қолданып көрсетіңіз.
65. Түркі халықтарындағы таңбалық сана мен жазу мәдениетінің қалыптасуына әсер еткен тарихи, мәдени факторларды сипаттаңыз.
66. Қазақ тіліндегі тарихи сөздердің этимологиялық негізін талдап, таңдап алынған бірнеше сөзге семантикалық сараптама жасаңыз.
67. Шумер-түркі тілдік байланысы туралы қазіргі ғылыми пікірлер мен гипотезаларды жинақтап, сын тұрғысынан бағалаңыз.
68. «АЗИЯ» еңбегіндегі шумерлік лексикалық бірліктерді жүйелеп, олардың қазақ тіліне ықпалын мысалдармен көрсетіңіз.
69. Қазақ тілі тарихын кезең-кезеңмен жүйелеп, әр кезеңнің негізгі тілдік ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
70. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін талдап, қазақ тіл біліміндегі дәуірлеу ұстанымдарын жүйелеңіз.

Үшінші блок

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар мен әдебиетті оқытудың әдістемелік сипатын сабақтастыра баяндаңыз.
2. Әдебиетті оқытуда қолданылатын тиімді білім беру технологиялары жайлы жазыңыз.
3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихының даму кезеңдерін саралап түсіндіріңіз.
4. Әдебиетті оқыту әдістері, оның түрлері мен оларды негіздейтін принциптерді ажыратып баяндаңыз.
5. Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің басқа ғылымдармен байланысы туралы ойыңызды тұжырымдап жазыңыз.
6. Тәуелсіздік жылдарындағы оқу бағдарламаларын сараптаңыз. Ондағы оқу мазмұнын сипаттаңыз.
7. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздері туралы баяндаңыз.
8. XX ғасырдың басындағы алғашқы мектептердің ерекшеліктері мен оқу мазмұнын сипаттаңыз.
9. Алғашқы қазақ әдебиетін оқытуға арналған оқулықтар туралы баяндаңыз.
10. Көркем шығарманы оқытуда қолданылатын әдістер туралы баяндаңыз.
11. Драмалық шығармаларды оқытудың ерекшеліктері туралы баяндаңыз.
12. Қазіргі әдебиет сабақтары және жаңа технология талаптары туралы баяндаңыз.
13. Қазіргі білім беру парадигмалары негізінде әдебиетті оқытудың әдістемелік жолдарын баяндаңыз.
14. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысаны туралы жазыңыз.
15. Талдау сабақтарының мазмұны, формалары мен әдістері туралы баяндаңыз.
16. Жаңа технологияға негізделген сабақ құрылымының ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
17. Лирикалық шығармаларды оқытуда қабылдау үдерісін ұйымдастыру жолдарын саралап түсіндіріңіз.
18. Әдеби мәтінді талдау жұмыстарында интербелсенді әдістерді қолдану мүмкіндіктерін баяндаңыз.
19. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың рөлі туралы баяндаңыз.

20. Прозалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері жайлы баяндаңыз.
21. Әдебиет пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігін дәлелдеңіз.
22. Лирикалық шығармаларды талдауда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын сипаттаңыз.
23. Әдебиет сабақтарында АКТ-ны қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі туралы айтыңыз.
24. Әдебиет сабағын қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы жүргізудің ерекшелігі мен тиімділігін сипаттаңыз.
25. Әдебиет сабағын жоспарлау ұғымы туралы түсінігіңізді баяндаңыз.
26. Қазіргі оқу үрдісінде қолданылатын білім беру парадигмалары туралы баяндаңыз.
27. Әдебиет пәні мұғаліміне қойылатын кәсіби талаптар туралы баяндаңыз.
28. Әдебиет сабағында оқу жабдықтары мен дидактикалық материалдарды пайдаланудың жолдары туралы баяндаңыз.
29. Жаңартылған білім беру жағдайында қазақ әдебиетін оқытудың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
30. Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің түрлерін сипаттап, олардың ерекшеліктерін салыстырыңыз.
31. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаттары мен міндеттерін нақтылап жазыңыз.
32. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттелу тарихын сипаттаңыз.
33. Фонетиканы оқытуда орфографиялық және орфоэпиялық дағды қалыптастыру әдістерін көрсетіңіз.
34. Қазақ тілін оқытудың негізгі принциптерін атап, олардың әдістемелік негіздерін түсіндіріңіз.
35. Қазақ тілі пәндері жүйесін меңгертудің жаңа әдістерін талдап жазыңыз.
36. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында техникалық құралдарды қолдану әдісін сипаттаңыз.
37. Қазақ тілін теория мен практиканы байланыстыра отырып оқытудың жолдарын сипаттаңыз.
38. Педагогикалық практиканың кәсіби тұлға қалыптастырудағы маңызы туралы баяндаңыз.
39. Қазақ тілі сабақтарының түрлерін және олардың әдістемелік ерекшеліктерін анықтаңыз.
40. Қазақ тілі сабақтарының ішкі құрылымы мен жүйесі туралы сипаттаңыз.
41. Жоғары мектепте қазақ тілі пәндерін оқытуда дәрістің рөлін және құрылымын баяндаңыз.
42. Қазақ тілі пәндерін жоғары мектепте оқытудың негізгі формасы ретіндегі дәріс сабағына сипаттама беріңіз.
43. Фонетиканы оқытуда дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін, заңдылықтарын және әдістемелік тәсілдерін анықтаңыз.
44. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытуда семинар, практикалық және зертханалық сабақтардың маңызын талдаңыз.
45. Қазақ тілі және әдістемесі пәндері бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жолдарын сипаттаңыз.
46. «Қазақ тілі пәндері жүйесіндегі» арнайы пәндердің орны мен оларды оқыту әдістемесіне тоқталыңыз.
47. Тілдік қатынас және қатысым әдісінің негізгі қағидалары мен ерекшеліктерін сипаттаңыз.
48. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологияларын жіктеп, олардың қолдану тиімділігін баяндаңыз.
49. Жұмыс бағдарламасына қойылатын талаптарды жүйелеп, сипаттап жазыңыз.

50. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын: проблемалық, ойын арқылы, ұжымдық, дамыта, модульдік және компьютерлік оқыту технологияларын салыстырып сипаттаңыз.
51. Әдеби шығарманы көркем қабылдау жолдарын ұйымдастыру тәсілдерін сипаттаңыз.
52. Көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологияларды қолдану жолдарын нақтылап жазыңыз.
53. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын сипаттаңыз.
54. Шығарма тілін талдау арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын баяндаңыз.
55. Әдебиет сабағында техникалық құралдарды пайдаланудың дидактикалық принциптерін түсіндіріңіз.
56. Жазушы өмірбаянын оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін көрсетіңіз.
57. Жаңартылған білім бағдарламасының құрылымы мен ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
58. Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын қазіргі мектептің оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың тиімді жолдарын көрсетіңіз.
59. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері мен әдіснамалық тұғырларын сипаттаңыз.
60. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін құрайтын ғылым салаларын анықтаңыз.
61. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретіндегі қалыптасу жолын сипаттаңыз.
62. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздерін түсіндіріңіз.
63. Қазақ тілін оқытудың негізгі принциптері мен ерекшеліктерін талдаңыз.
64. Әдеби шығармаларды талдауда қолданылатын интербелсенді әдістерді сипаттаңыз.
65. Фонетика сабақтарында орфоэпиялық дағдыларды қалыптастырудың тиімді әдістерін көрсетіңіз.
66. Қазақ әдебиетін оқытуда жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
67. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын дидактикалық материалдардың тиімділігі туралы баяндаңыз.
68. Қатысымдық әдіс негізінде тілдік тұлға қалыптастыру жолдарын түсіндіріңіз.
69. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытуда дәріс, семинар, зертханалық сабақтардың орнын сипаттаңыз.
70. Әдебиет сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың жолдарын көрсетіңіз.